

БАЛГЕРЛЕР МЕН СӘУЕГЕЙЛЕР

العرافون والكهان

Балгерлер мен сәуегейлер

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

مَنْ أَتَى كَاهِنًا أَوْ عَرَّافًا، فَصَدَّقَهُ بِمَا يَقُولُ، فَقَدْ كَفَرَ بِمَا أُنْزِلَ عَلَى مُحَمَّدٍ

«Кімде-кім сәуегейге (көріпкелге) немесе балгерге келіп, оның айтқанына сенсе, сол Мухаммадқа түсірілгенге сенбеген (күпірлік еткен) болады»

(хадисті Ахмад, 9536; Абу Дауд, 3904; әт-Тирмизи, 135 келтірген; әл-Әлбани «Сахих әт-тарғиб уә әт-тархиб» еңбегінде хадисті сенімді деп атаған, 3047).

Бұл өсиетте Аллаһ Тағаланың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) біздерді болашақ пен ғайыпты білеміз дейтін түрлі көріпкелдерге, бақсы-балгерлерге, сәуегейлерге, астролог-жұлдызнамашыларға және басқа адамдарға жүгінуден қатаң сақтандырып ескертеді.

Бізді бұл хадисті есімізге алуға мәжбүргелен не?

Қазіргі таңда көптеген адамдар, соның ішінде өздерін мұсылман санайтындар да, неше түрлі экстрасенстерге барып, көріпкелдерге, сиқыршыларға, бақсы-балгерге қарай жүгіретіні. Олар бұл алаяқ өтірікшілерді құпия білімге ие, немесе ғаламдағы бірдеңені басқарады, зиян және пайда келтіруге құдіретті деп санайды. Бүгінгі күні көптеген адамдардың жүректері оккультизмге байланған. Әлдебір дертінен айыққысы келетіндер, бойдақтықтан зардап шеккендер, бала сүюді қатты қалап, бірақ соған қол жеткізе алмайтындар, бизнес пен мансапта сәтсіздікке ұшырағандар көріпкелдер мен экстрасенстерге барады. Мұның үстіне, оларға әртүрлі әлеуметтік таптарға жататын әрі білім деңгейлері де әртүрлі болған адамдар да асығады. Жоғары білімі бар, тіпті әлдебір ғылыми дәрежеге ие адамдардың жын-шайтандармен байланысты окультизмнің дүмшелеріне үміт артатынын көру таң қалдырады. Расында, олар Ұлы Жаратушыны ұмытты, Ол да оларды ұмытты. Расында, Аллаһқа сенбеудің осы індеті адамдарды жаулап алып, оларды пұтқа табынушы қоғамға айналдырған апат болды. Сондықтан, көріпкелдерге, бақсыларға, сәуегейлерге жүгіну күпірлік екенін, бұл Аллаһ Тағаланың пайғамбарымыз Мухаммадты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамзатқа сонымен жіберген діннен бас тарту екенін еске салуымыз қажет болды.

Көріпкелдер мен сәуегейлер деген кім?

Бұлар: «Мен болашақты, адамдардың жасырын ойларын білемін!» - дейтіндер, сондай-ақ көріпкелдікпен айналысып, оларға келген адамдардың өздеріне ғана белгілі болған қазір орын алып жатқан немесе өткен шақта бастарынан өткізген оқиғаларды айтатып беретіндер, жоғалған адамдардың, жануарлардың, заттардың қай жерде екеніне нұсқайтындар. Олардың қатарына планеталар мен жұлдыздардың орналасуына қарай адамдардың тағдырын суреттейтін жұлдызнамашылар да жатады.

Осы санаттағы адамдардың барлығын, біріншіден, тек Жаратушыға ғана тән болған ғайыпты білу қасиетіне біз де иеміз деген құдайсыз, шайтандық талап біріктіреді. Екіншіден, олардың бәрі де үлкен күнәхар, өтірікші, алаяқтар болып табылады. Үшіншіден, олардың көбі жындардан болған шайтандармен тікелей байланыста болады және солардан алған көмегі үшін оларға өте жоғары баға төлейді. Бұл қандай баға? Олар жындардың көмегіне айырбас ретінде иманды құрбан етеді, көпқұдайшылық (ширк) және күпірліктің көрінісі болып табылатын істерді жасайды, Аллаһқа құлшылық етудің орнына жындарға құлшылық етеді. Мұндай құлшылықтың кең тараған түрі – шайтанға құрбандық ретінде қошқар немесе тауықты құрбан ретінде шалу. Демек, сиқыршы мен көріпкел жындардан болған шайтандарға табынады, ал олар соның орнына оларға белгілі бір қызметтер көрсетеді. Міне, осылайша, өздеріңіз білетіндей, үлкен жылдамдықпен қозғалу қабілетіне және оларды адамдардан ерекшелейтін басқа да қабілеттерге ие жындар, көріпкел үшін оған келген адам туралы ақпарат жинап: яғни осы адаммен таныс болған басқа жындардан сұрастырып, ол немен ауыратынын, немен ауырғанын, бұрын немен ауырғанын, қандай қиыншылықтар көргенін, оның туыстарының аты-жөнін және басқа да нәрселерді біліп береді. Бұл ақпаратты жыннан алған көріпкел өзіне келген адамға осыны айта бастағанда және әлгі адам өз жеке өмірінің егжей-тегжейлері туралы естігенде, таң қалады және көріпкелдің шынымен де тылсым көріпкелдік қабілеті бар деп ойлай бастайды. Сонымен қатар, жындар кейде Аллаһ Тағаладан белгілі бір бұйрықтар мен тапсырмалар алып жатқан періштелердің сөйлеген сөздерін естиді және олар бұл ақпаратты сиқыршыға немесе көріпкелге тастайды, ал ол оны өтірікпен бүркеп, сәндегіп, өзіне келушілерге ұсынады. Сондықтан да кейде, яғни сирек жағдайларда, көріпкелдің сөздері шындық болып шығады және адамдар оның көптеген өтіріктерін ұмытып, сол сирек немесе жалғыз шындыққа шыққан

оқиғасын ауыздан-ауызға жеткізе бастап, бір-біріне оған жүгінуге кеңес бере бастайды. Аллаһ Тағала мұның барлығын Құранда хабарлаған. Ол былай деген:

هَلْ أَنْبِئُكُمْ عَلَىٰ مَنْ تَنْزَلُ الشَّيَاطِينُ

تَنْزَلُ عَلَىٰ كُلِّ آفَاكٍ أَثِيمٍ

يُلْقُونَ السَّمْعَ وَأَكْثُرُهُمْ كَاذِبُونَ

«Сендерге шайтандар кімге түсетіні туралы хабар берейін бе? Олар әрбір өтірікші, күнәһарға түседі. Олар шайтандарға құлақ салады, әрі олардың көбі өтірікші»

(«әш-Шугара» сүресі, 221-223 – аяттар).

Демек, соларға шайтандар түсетін, олар шайтандармен байланыста болатын, аты шыққан өтірікші және күнәһар деген сипат – бұл «болашақты білеміз, құпия білімге иеміз, ауру-сырқауды да білеміз» дейтін көріпкелдердің сипаттамасы екен. Олар адамдарды қалай емдеуге болатынын айтып, білімсіз надандарға олардан көбірек ақша өндіріп алу үшін, қараңғы халықтың мал-мүлкін қақықсыз жеп, алаяқтық жолмен иемдену үшін, өздерінің басқа да мүмкіндіктерін сипаттайды. Адамдар олардан ем іздеп, олардың өз сырларын білетіндігіне және өздеріне көмектесе алатындығына аңғал және қылмысты түрде сенеді.

«Ғилмул-ғайб» - ғайып-көмес жасырын нәрселер туралы білу тек Жалғыз Аллаһ Тағалаға ғана тән екендігі бәріңізге мәлім болсын. Оған бірінші кезекте, тек Жалғыз Жаратушы ғана білетін келешек жайлы білім кіреді. Әрбір мұсылман ғайыпты тек Аллаһ Тағала ғана білетіндігі жайлы берік сенімге ие болуға міндетті. Аллаһ Тағала была деген:

قُلْ لَا يَعْلَمُ مَنْ فِي السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ الْغَيْبَ إِلَّا اللَّهُ

«(Мухаммад): "Көктер мен жердегі көместі Аллаһтан басқа ешкім білмейді", - де»

(«ән-Нәмл» сүресі, 65-аят).

عَالِمُ الْغَيْبِ فَلَا يُظْهَرُ عَلَىٰ غَيْبِهِ أَحَدًا

«Көместі білуші Аллаһ, Ол оның сырын ешкімге ашпайды»

(«Жин» сүресі, 26-аят).

Ғайыпты адамдар да, жындар да, тіпті періштелер де білмейді.

Аллаһтың Елшісінің өзі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ғайыпты білмеген, ол тек Аллаһтың уахи түрінде түсірген хабарын ғана адамдарға жеткізген. Құран Кәрімде Аллаһ Тағала Өз Елшісіне былай деп бұйрық берген:

قُلْ لَا أَمْلِكُ لِنَفْسِي نَفْعًا وَلَا ضَرًّا إِلَّا مَا شَاءَ اللَّهُ ۚ وَلَوْ كُنْتُ أَعْلَمُ الْغَيْبِ لَاسْتَكْثَرْتُ مِنَ الْخَيْرِ

وَمَا مَسَّنِيَ السُّوءُ ۚ إِنْ أَنَا إِلَّا نَذِيرٌ وَبَشِيرٌ لِّقَوْمٍ يُؤْمِنُونَ

«(Мухаммад): «Аллаһ қаламайынша, өзім үшін пайда да, зиян да келтіру күшіне ие емеспін. Егер көместі білетін болсам, әрине жақсылықты көбейтіп алар едім әрі сондай-ақ маған бір сәтсәздік те жұғыспас еді. Мен иман келтірген ел үшін қорқытып ескертуші, әрі қуандырушы ғанамын», - де»

(«әл-Әғраф» сүресі, 188-аят).

Жындар да ғайыпты білмейді және біле де алмайды. Сулейман пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қайтыс болған оқиғасын еске түсіріңіз. Өздеріңіз білесіздер, Аллаһ Тағала Сулейманға ұлы билік беріп, жындарды оның бұйрығымен әртүрлі жұмыс түрлерін орындауға мәжбүр етті, олар керемет ғимараттарды тұрғызды, мүсіндер жасады, теңіз түбінен інжу-маржандарды көтерді.

Бір күні Сулейман таяғына сүйеніп тұрды, ал жындар оның алдында қорлаушы азапта жұмыс істеп жатты. Дәл осы уақытта Аллаһ Тағаланың бұйрығымен Сулейманға ажал келді. Ол жан тапсырды, бірақ жерге құламай, таяққа сүйеніп тұра берді. Жындар болса, оны тірі әрі оларды бақылап тұр деп ойлап, тынымсыз жұмыс істей берді. Олар оның өлгенін түсіне де алмады. Олар бұл туралы тек Сулейманның таяғын кеміріп жеген жер құртының себебімен ғана білді, соның нәтижесінде Сулейманның өлі денесі жерге құлады. Міне, сол кезде жындар Сулейманның өлгенін түсінді, ал егер олар ғайыпты, құпияны білсе, Сулейманның өлгенін біліп, соншама уақыт бойы қорлайтын азапта қалмас еді.

Періштелер де ғайыпты білмейді. Аллаһ Тағала Құранда олардың былай дегенін хабарлаған:

سُبْحَانَكَ لَا عِلْمَ لَنَا إِلَّا مَا عَلَّمْتَنَا ۚ إِنَّكَ أَنْتَ الْعَلِيمُ الْحَكِيمُ

«Сен пәксің! Бізде Сенің үйреткеніңнен басқа біліміміз жоқ. Расында, Сен толық Білуші, өте Данасың»

(«әл-Бақара» сүресі, 32-аят).

Олай болса, уа мұсылман адам! Сіз қалайша көріпкелдерге, бақсыларға, сәуегейлерге және астрологтарға барып, олар ғайыпты біледі деп ойлай аласыз?

Егер біреу бәрібір қарсылық білдіріп: «Бірақ олар бірдеңелерді айтады және сол рас болып шығады ғой!» - десе, біз: «Иә, солай болады. Бірақ бұлар, жоғарыда түсіндірілгендей, көріпкелге жындар арасындағы сыбайластарының айтатын бірең-сараң сөздері ғана. Ал көріпкел болса бір сөзге өзінен жүз жалған сөз қосады», - деп жауап береміз. Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көріпкелдер мен олардың сөздері және қабілеттері туралы сұралғанда, ол:

لَيْسُوا بِشَيْءٍ

«Олар түкке тұрар емес», - деп жауап берді.

Сонда адамдар: «Уа Аллаһтың Елшісі! Олар кейде шындық болып шығатын нәрсені айтып жатады ғой», - деді. Бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп жауап берді:

تِلْكَ الْكَلِمَةُ مِنَ الْحَقِّ يَخْطُفُهَا الْجَنِّيُّ، فَيَقْرُهَا فِي أُذُنِ وَلِيِّهِ قَرَّ الدَّجَاجَةِ، فَيَخْلِطُونَ فِيهَا مِائَةً

كَذِبَةٍ

«Бұл жын соны ұстап алып, серігінің (көріпкелдің) құлағына салған тауықтың бір қақылдауы секілді бір ақ шындық. Ал көріпкелдер бұл сөзге жүз өтірік қосады»

(хадисті әл-Бухари, 6213 және Муслим, 2228 келтірген).

Міне, осы - көріпкелдердің сөздерінің ақиқатпен сәйкес келетін кейбір сирек тұстары.

Өздерінің ойға салып көріңізші: ауру, аңғал, діни білімі жоқ бір адам алыстағы, басқа қалада немесе ауылда тұратын көріпкелге барды делік. Оған біраз жол жүруге тура келді және ол сол жерге келіп, көріпкелдің үйіне кірді, ал көріпкел оған: «Сенің атың мынандай, әкеңнің аты мынандай, анаңның аты мынандай, сен бірнеше жылдар бойы мынандай аурумен ауырып жүрсің», - деп айтты. Бұл адамға не болады деп ойлайсыз? Әрине, ол ұлы көріпкелмен кездестім деп ұйғарады, сондықтан оған толық сенім артып, оны ғайыпты білетін Аллаһтың әулиесі деп санай бастайды. Жоқ! Уа Аллаһтың құлдары, бұған алданбаңдар! Осының барлығын көріпкел ол үшін кейбір ақпарат жинаған жын-шайтаннан білді. Жын мұны көріпкелдің белгілі бір әрекеттері, атап айтқанда, оған Аллаһпен бірге құлшылық ету, оған құрбандық шалу, Құранды қорлау және басқа да жиіркенішті істерге айырбастау үшін жасады. Уа Аллаһтың құлдары, ғайып тек

Аллаһ Тағалаға мәлім екенін біліңдер және есте сақтаңдар! Шайтан сендерді адастырып, басқаша ойға салмасын!

Арамыздағы көпшілігіміз шипа беруші тек Аллаһ екенін біледі, бірақ соған қарамастан әлдебір көріпкелдер мен сәуегейлерге барады. Аллаһтың бала беретінін, қалағанына қыз не ұл беретінін көбіміз білеміз, бірақ солай бола тұра біреулер бірнеше жыл бойы бала көрмесе, сол көріпкелдер мен бақыстарға жүгініп жатады. Бұл кісілер өз білімдерінен еш пайда көрмеген болып шықты. Барлық нәрсе Аллаһтың ғана қолында, барлық нәрсе тек Оған ғана тәуелді, бүкіл болмысты Ол ғана басқаратынын ешқашан ұмытпаңыз. Жүрегіңіздегі осы сеніммен өмір сүріңіз және сонымен бұл дүниеден өтіңіз. Раббымыздың не деп айтқанына құлақ салыңыз:

وَلِلّٰهِ غَيْبُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَإِلَيْهِ يُرْجَعُ الْأَمْرُ كُلُّهُ فَاعْبُدْهُ وَتَوَكَّلْ عَلَيْهِ ۚ وَمَا رَبُّكَ بِغَافِلٍ عَمَّا تَعْمَلُونَ

«Көктер мен жердің сыры Аллаһқа тән. Істің бәрі соған қайтады. Ендеше, Соған құлшылық қылып, Оған тәуекел ет. Раббың сендердің істейтіндерінен ғапыл емес»

(«Худ» сүресі, 123-аят).

Барлық нәрсе Оған тәуелді! Балалы болғыңыз келеді ме? Бақ-береке, денсаулық, шипа қалайсыз ба? Аллаһ Тағалаға жүгініңіз! Қараңғы түнде қолдарыңызды көтеріп, Оған дұғамен жалбарыныңыз! Барлық нәрсе Жалғыз Оған ғана тәуелді!

Аллаһ Тағала былай деген:

لِلّٰهِ مُلْكُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ ۚ يَخْلُقُ مَا يَشَاءُ ۚ يَهَبُ لِمَنْ يَشَاءُ إِنَآثًا وَيَهَبُ لِمَنْ يَشَاءُ الذُّكُورَ ۚ أَوْ يُزَوِّجُهُمْ ذُكْرَانًا وَإِنَآثًا ۚ وَيَجْعَلُ مَنْ يَشَاءُ عَقِيمًا ۚ إِنَّهُ عَلِيمٌ قَدِيرٌ

«Көктер мен Жердің иелігі Аллаһқа тән. Ол қалағанын жаратады. Кімге қаласа қыздар, кімге қаласа ұлдарды береді. Немесе ұлдармен қыздарды жұбымен береді. Сондай-ақ қалағанын бедеу қылады. Күдіксіз, Ол - толық

Білуші, аса Құдіретті»

(«әш-Шура» сүресі, 49-50 – аяттар).

Ол әрқайсымыздың жағдайымыздан хабардар, қалағанына беріп, қалағанын айыруға қабілетті. Ауырып қалсақ, Ол ғана шипа береді, қиын жағдайға душар болған адамды құтқарып, оның дұғасына жауап береді. Әй мұсылмандар, таухид үмметі, лә иләһа иллә-Ллаһ үмметі! Сендер сиқыршыларға, бақыстарға,

көріпкелдерге, сәуегейлерге, астрологтарға не себепті барасыздар? Жамандықтан кім құтқаратынын және барлық жақсылық кімнің қолында екенін білмейсіздер ме? Жүректеріңізді Аллаһпен байлаңдар! Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға осыны үнемі үйрететін. Ол өз сахабаларын таухид қағидасында тәрбиелеген. Ол былай деген:

إِذَا سَأَلْتَ فَاسْأَلِ اللَّهَ، وَإِذَا اسْتَعَنْتَ فَاسْتَعِنْ بِاللَّهِ، وَاعْلَمْ أَنَّ الْأُمَّةَ لَوِ اجْتَمَعَتْ عَلَى أَنْ يَنْفَعُوكَ بِشَيْءٍ لَمْ يَنْفَعُوكَ إِلَّا بِشَيْءٍ قَدْ كَتَبَهُ اللَّهُ لَكَ، وَإِنْ اجْتَمَعُوا عَلَى أَنْ يَضُرُّوكَ بِشَيْءٍ لَمْ يَضُرُّوكَ إِلَّا بِشَيْءٍ قَدْ كَتَبَهُ اللَّهُ عَلَيْكَ

«Сұрасаң - Аллаһтан сұра, жәрдем тілесең - Аллаһтан тіле! Әрі мынаны біл: егер барлық адамдар саған пайда келтіру үшін жиналса, олар саған Аллаһтың жазған пайдасынан басқа ешбір пайда келтіре алмайды, ал егер барлық адамдар саған зиян келтіру үшін жиналса, олар саған Аллаһтың жазғанынан басқа, ешбір зиян тигізе алмайды»

(хадисті Ахмад, 2669; әл-Хаким, 6303; әт-Тирмизи, 2516 келтірген; әл-Әлбани «Сахих әл-Жамиғ әс-сағир» еңбегінде хадисті сенімді деп атаған, 7957).

Ислам көріпкелдерге, астрологтарға және сол сияқтыларға жүгінуге қатаң тыйым салады. Неліктен? Өйткені оларға жүгінгеніңіз үшін сіз өте жоғары баға төлейсіз. Сіз өзіңіздің дініізбен есеп айырасыз. Осы тарауды бастаған хадисті есіңізге алыңыз:

«Кімде-кім көріпкелге немесе сәуегейге келіп, оның айтқанына сенсе, сол Мухаммадқа түсірілгенге күпірлік еткен болады».

Егер де көріпкелге келіп, оған сұрақ қойып, оның сөздеріне сенетін адам кәпір болып шықса, онда көріпкелдің өзі туралы не айтуға болады? Ол одан да асқан кәпір болады емес пе?

Егер адам көріпкелге жәй ғана сұрақпен жүгініп, оның сөздеріне сенбесе, оның намазы, бұл туралы хадисте айтылғандай, қырық күн қабыл болмайды. Бұл өте қорқынышты жаза. Ал егер ол сұрап, сенсе, онда Мухаммадқа (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түсірілгенге, яғни Исламға сенбейтін кәпір болады. Бұған біздің заманымыздың індеті болып табылатын – астрологиялық болжамдар да кіретінін назарыңызда сақтаңыз. Оларға жәй ғана жүгінсеңіз (яғни қарасаңыз), сізден қырық күн бойы намаз қабыл алынбайды. Ал егер сіз оларға сенетін болсаңыз, хадисті есіңізге алыңыз, сіз Аллаһ Тағала жіберген хабарға сенбейтін боласыз.

Көріпкелдердің кейде өздерін діндар адам ретінде көрсету үшін, кейбір Құран аяттарын немесе сүрелерін оқитынын, сіздің сенімдеріңізге ие болу үшін «Аллаһ» деген сөзді айтатындығына алданып қалмаңыз. Егер олар болашақты және ғайыпты білеміз десе, түсініксіз тылсым сөздер айтып, Құран мен Сүннетте белгіленбеген нәрселерді жасаса, немесе сізден соны жасауды талап етсе, онда олар өтірікшілер мен көріпкелдер, олардан аулақ болу керек.

Сабырлы болыңыз! Кейде ұзақ созылған дерт адамды шаршатады да, ол тыйым салынған үмітсіздікке ұшырап, басқалардың сөзіне көніп, бақсы-балгерлерге және тәуіп-емшілерге баратын дәрежеге жетеді. Аллаһқа толықтай тәуекел етіп, Аллаһ рұқсат еткен емделу әдістерін қолданыңыз, медициналық дәрігерлерге барыңыз, Құранды (яғни «әл-Фатиха» сүресін, «әл-Курси» аятын, «әл-Фәләқ», «ән-Нәс» және басқа сүрелерді) оқып емделіңіз, өйткені Ұлы Құран иман келтіргендер үшін шипа. Аллаһ Тағала рұқсат еткен емделу әдістерін қолданыңыз. Ал ақша тауып, адамдардың қайғасынан пайда көрген адамдар ең алдымен Аллаһтан және оларға ақша да, байланыстары да көмек бермейтін, әрбір жан өз істеген істері үшін жазасы мен сауабын толыққанды алатын Қиямет күнінен қорқулары қажет.

Қазақ тіліне аударған
шейх Хайсам Сархан басшылығындағы
«Сунна» колледжі
1445/2023 ж.